



LASERJET PRO 400

Кепілдік және заңдық мәселелер нұсқаулығы



M401



HP LaserJet Pro 400 M401 принтерлерінің топтамасы

Кепілдік және заңдық мәселелер нұсқаулығы

Авторлық құқық және лицензия

© 2012 Copyright Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Авторлық құқық жөніндегі заңдарға сәйкес жағдайлардан басқа кезде, алдын ала жазбаша түрде алынған рұқсатсыз, көшіруге, бейімдендіруге немесе аударуға рұқсат етілмейді.

Мұнда берілген ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

HP өнімдері мен қызметтеріне берілетін кепілдіктер осындай өнімдер мен қызметтерге берілетін тікелей кепілдік жөніндегі мәлімдемелерде ғана көрсетілген. Бұл құжаттағы мәлімдемелер қосымша кепілдік ретінде қабылданбауы тиіс. HP бұл құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателер немесе кемшіліктер үшін жауап бермейді.

Бөлік нөмірі: CF399-90960

Тауар белгілерінің тізімі

ENERGY STAR (Қуат үнемдеу) және ENERGY STAR (Қуат үнемдеу) белгісі тіркелген АҚШ белгілері болып табылады.

Мазмұны

1 Қызмет және Қолдау	1
Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі	2
HP компаниясының Жоғары қорғау кепілдігі: LaserJet баспа картриджіне шектеулі кепілдік беру туралы мәлімдемесі	4
HP компаниясының HP емес жабдықтарға қатысты саясаты	5
HP компаниясының жалған өніммен күрес веб-торабы	6
Деректер баспа картриджінде сақталған	7
Түпкі пайдаланушының лицензиялық келісімі	8
OpenSSL	12
Тұтынушыларды қолдау	13
Өнімді қайта орамау	14
2 Өнімнің ерекшеліктері	15
Физикалық ерекшеліктері	16
Энергияны тұтыну, электрлік сипаттамалары және дыбыс бөлуі	16
Қоршаған орта ерекшеліктері	16
3 Нормативтік ақпарат	17
FCC ережелері	18
Қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы	19
Қоршаған ортаны қорғау	19
Озон өндіру	19
Тұтынылатын қуат	19
Тонерді пайдалану	19
Қағаз пайдалану	19
Пластмасса	20
HP LaserJet принтерінің жабдықтары	20
Қайтару және қайта пайдалану туралы ақпарат	20
Америка Құрама Штаттары мен Пуэрто-Рико	20
Көптік қайтарылымдар (бір картриджден көп)	20
Бір ғана картриджді қайтару	21

Тасымалдау	21
А.Қ.Ш. тыс қайтарылымдар	21
Қағаз	22
Материалдарға қойылатын шектеулер	22
Пайдаланушылар тарапынан қалдық жабдықты тастау	22
Электрондық аппараттық құралды өңдеу	22
Химиялық заттар	22
Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS)	22
Қосымша ақпарат алу үшін	23
Сәйкестік декларациясы	24
Сәйкестік декларациясы	26
Қауіпсіздік мәлімдемелері	28
Лазерлік қауіпсіздік	28
Канада Сауда Министрлігінің ережелері	28
Кедергілер жөніндегі жапондық ерікті бақылау кеңесінің мәлімдемесі (Жапония)	28
Электр сымына арналған нұсқаулар	28
Электр сымы жөніндегі мәлімдеме (Жапония)	29
EMC мәлімдемесі (Корея)	29
Финляндия үшін лазерлік қауіпсіздік жөніндегі мәлімдеме	29
GS мәлімдемесі (Германия)	31
Заттар кестесі (Қытай)	31
Қауіпті заттар мәлімдемесіндегі шектеулер (Түркия)	31
Зиянды заттарға қатысты шектеулер мәлімдемесі (Украина)	31
Сымсыз өнімдерге арналған қосымша мәлімдемелер	32
FCC үйлесімділік туралы мәлімдемесі—Америка Құрама Штаттары	32
Австралиялық мәлімдеме	32
Бразилиялық ANATEL мәлімдемесі	32
Канадалық мәлімдеме	32
Еуропалық Одақтың реттеу хабары	32
Францияда пайдалануға арналған хабар	33
Ресейде пайдалануға арналған хабар	33
Кореялық мәлімдеме	33
Тайваньдық мәлімдеме	34
ICTQC түріндегі мақұлданған өнімдер үшін Vietnam Telecom компаниясының сымды/сымсыз байланыс белгісі	34
Индекс	35

1 Қызмет және Қолдау

- [Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі](#)
- [HP компаниясының Жоғары қорғау кепілдігі: LaserJet баспа картриджіне шектеулі кепілдік беру туралы мәлімдемесі](#)
- [HP компаниясының HP емес жабдықтарға қатысты саясаты](#)
- [HP компаниясының жалған өніммен күрес веб-торабы](#)
- [Деректер баспа картриджінде сақталған](#)
- [Түпкі пайдаланушының лицензиялық келісімі](#)
- [OpenSSL](#)
- [Тұтынушыларды қолдау](#)
- [Өнімді қайта орамау](#)

Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі

HP ӨНІМІ	ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ
HP LaserJet Pro 400 M401a, M401d, M401n, M401dn, M401dw, M401dne	Бір жылдық өнімді ауыстыру

HP компаниясы сізге, соңғы пайдаланушыға сатып алынған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде HP аппараттық құралдары мен керек-жарақтарының материалдары мен дайындалу сапасы жағынан ақаулы еместігіне кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде осындай ақаулықтар туралы хабар алса, HP ақаулы болып шыққан өнімдерді өз ұйғарымына сәйкес жөндеп немесе ауыстырып береді. Ауыстырылған өнімдер жаңа немесе жаңа өнімдер сияқты жұмыс істейтін болуы мүмкін.

HP компаниясы сізге сатып алынған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде HP бағдарламалық құралының дұрыс орнатылған немесе пайдаланылған кезде материалдары мен дайындалу сапасындағы ақаулықтарға байланысты бағдарламалау нұсқауларын орындамай қоймайтынына кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде осындай ақаулықтар туралы хабар алса, HP компаниясы осындай ақаулықтардың салдарынан бағдарламалау нұсқауларын орындамаған бағдарламалық құралды ауыстырып береді.

HP компаниясы HP өнімдерінің үздіксіз және қатесіз жұмыс істейтініне кепілдік бермейді. Егер HP компаниясы қажетті мерзімде кепілдіктегі шартқа байланысты өнімін жөндеп немесе ауыстырып бере алмаса, сіз өнімді қайтарысымен оның құнын қайтарып алуға құқылысыз.

HP өнімдерінің құрамында жұмысы жағынан жаңасымен тең зауытта қалпына келтірілген бөлшектердің болуы мүмкін немесе олар қосымша пайдаланған болуы мүмкін.

Кепілдік (а) дұрыс немесе талаптарға сәйкес жөндемеу немесе тексеру, (ә) HP компаниясының бағдарламалық құралын, интерфейсін немесе қосалқы бөлшектерін пайдаланбау, (б) рұқсатсыз өзгерту немесе дұрыс пайдаланбау, (в) өнімді қоршаған орта талаптарына сәйкес пайдаланбау немесе (г) тиісті орында дайындамау немесе жөндемеу нәтижесінде туындаған ақаулықтарды қамтымайды.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ШАРАЛАР БОЙЫНША ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН КЕПІЛДІКТЕР ЕРЕКШЕ БОЛЫП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШБІР ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ ШАРТ ТҮСІНІКТІ НЕМЕСЕ ТҰСПАЛДЫ ТҮРДЕ АЙТЫЛМАЙДЫ. HP КОМПАНИЯСЫ ТАУАРДЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ, ҚАНАФАТТАНАРЛЫҚ САПА МЕН БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН ТҰСПАЛДЫ КЕПІЛДІКТЕРДЕН НЕМЕСЕ ШАРТТАРДАН НАҚТЫ ТҮРДЕ БАС ТАРТАДЫ. Кейбір елдер/аймақтар, штаттар немесе облыстар тұспалды кепілдіктің ұзақтығын шектеуге рұқсат бермейді, сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін. Бұл кепілдік сізге нақты заңды құқықтар береді және елге/аймаққа, штатқа немесе облысқа қарай сіздің басқа да құқықтарыңыздың болуы мүмкін.

HP компаниясының шектеулі кепілдігі HP компаниясының осы өнімге қолдау көрсететін және HP компаниясы осы өнімді сататын кез келген елде/аймақта немесе мекенде жарамды. Сіздегі кепілдік қызметінің деңгейі жергілікті стандарттарға сәйкес өзгеруі мүмкін. HP компаниясы

заңдық немесе реттеуші себептері бойынша жұмыс істеуге қабілетсіз елде/аймақта өнімді пайдалану үшін оның пішінін, мақсатын немесе функциясын өзгертпейді.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ШАРАЛАР БОЙЫНША БҰЛ КЕПІЛДІК МӘЛІМДЕМЕСІНДЕ АТАЛҒАН ӨТЕМАҚЫЛАР ТЕК СІЗГЕ ТӨЛЕНЕТІН ӨТЕМАҚЫЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДАН БӨЛЕК ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА HP КОМПАНИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ КЕЛІСІМ ШАРТТЫ, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫН НЕМЕСЕ БАСҚАЛАРДЫ НЕГІЗГЕ АЛА ОТЫРЫП, ЖОҒАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР ҮШІН НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ, ӘДЕЙІ, БАЙҚАУСЫЗДА, ЖАНАМА ЗАҚЫМ (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖОҒАЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ МӘЛІМЕТ) НЕМЕСЕ БАСҚА ЗАҚЫМ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТПАЙДЫ. Кейбір елдер/аймақтар, штаттар немесе облыстар тұспалды кепілдіктің ұзақтығын шектеуге рұқсат бермейді, сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін.

БҰЛ МӘЛІМДЕМЕДЕ БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШАРАЛАРДАН БӨЛЕК, БҰЛ ӨНІМДІ СІЗГЕ САТУҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТІ, ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗҒА ТЫЙЫМ САЛМАЙДЫ, ОЛАРДЫ ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.

HP компаниясының Жоғары қорғау кепілдігі: LaserJet баспа картриджіне шектеулі кепілдік беру туралы мәлімдемесі

Осы HP баспа картриджіне оның материалдарының және өндірістік ақаулықтарының жоқтығына кепілдік беріледі.

Осы кепілдікпен (a) қайтадан толтырылған, жаңартылған, қалпына келтірілген немесе тағы басқа жолмен қолдан жасалған, (b) дұрыс пайдаланбаудан, дұрыс сақтамаудан немесе принтер үшін жарияланған талаптарға сай келмейтін ортада пайдаланудан шыққан проблемалары болған немесе (c) әдеттегідей пайдаланудан соң тозып қалған картридждер қамтылмайды.

Кепілдік қызметін алу үшін, өнімді сатып алған жерге қайтарыңыз (проблеманың жазбаша түсіндірмесімен және қағазға басып шығарылған беттердің үлгілерімен бірге) немесе HP Тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз. HP өз ұйғарымы бойынша ақаулы болып шыққан өнімдерді ауыстырып береді немесе олардың құнын қайтарып береді.


ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ДӘРЕЖЕДЕ ЖОҒАРЫДА БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІКТЕР ЖАЛҒЫЗ ДЕП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШБІР БАСҚА ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ ШАРТ ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА ТҮРДЕ БЕРІЛМЕЙДІ. HP КОМПАНИЯСЫ ӨСІРЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ТАУАРЛЫҚ КҮЙ, ҚАНАФАТТАНАРЛЫҚ САПА ЖӘНЕ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕПІЛДІКТЕР МЕН ШАРТТАРДЫ МОЙЫНДАУДАН БАС ТАРТАДЫ.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДЫ КОСПАҒАНДА, HP НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖОҒАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР ҮШІН НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ, ЕРЕКШЕ, КЕЗДЕЙСОҚ, ЖАНАМА ЗИЯН (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖІБЕРІП АЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ МӘЛІМЕТТЕР) ҮШІН НЕМЕСЕ БАСҚА ЗИЯН ҮШІН ОЛАРДЫҢ КЕЛІСІМ-ШАРТТАН, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БҰЗЫЛҒАНЫНАН НЕМЕСЕ БАСҚА ЖОЛМЕН ШЫҚҚАНЫНА ҚАРАМАСТАН ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨТЕРМЕЙДІ.

БҰЛ МӘЛІМДЕМЕДЕ БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДӘРЕЖЕНІ ҚОСПАҒАНДА, БҰЛ ӨНІМДІ СІЗГЕ САТУҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТІ, ЗАҢДА БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ ЖОЙМАЙДЫ, ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.

HP компаниясының HP емес жабдықтарға қатысты саясаты

Hewlett-Packard компаниясы жаңа немесе қалпына келтірілген HP емес баспа картридждерін пайдалануды ұсынбайды.

 **ЕСКЕРІМ:** HP принтерінің өнімдерінде, HP емес баспа картриджін немесе қайта толтырылған баспа картриджін пайдалану тұтынушыға берілген кепілдікке де, тұтынушымен жасалған кез келген HP қолдау келісіміне әсер етпейді. Алайда, өнім HP емес баспа картриджіне немесе қайта толтырылған баспа картриджіне байланысты бұзылған немесе зақымданған болса, HP компаниясы сол бұзылуды немесе зақымды жөндеу үшін қалыпты уақыт пен материалдардың ақысын алады.

HP компаниясының жалған өніммен күрес веб-торабы

HP баспа картриджін орнатып, www.hp.com/go/anticounterfeit торабына кіріңіз. Басқару тақтасындағы хабарлама картриджді HP компаниясы шығармағанын көрсетеді. HP компаниясы картридждің шынайы екендігін анықтауға көмектеседі және мәселені шешу үшін шаралар қолданады.

Төмендегі сипаттар байқалса, картридж HP шығарған баспа картриджі болмауы мүмкін:

- Жабдықтар күйі беті HP шығармаған жабдықтың орнатылғанын көрсетеді.
- Баспа картриджін пайдаланғанда түрлі мәселер туындайды.
- Картридж үйреншікті түрінен өзгеше (мысалы, қорап HP қорабынан өзгеше).

Деректер баспа картриджінде сақталған

HP баспа картридждері осы өніммен пайдаланылады, оның құрамында өнімнің әрекетіне көмектесетін жад микросхемасы бар.

Қосымша, бұл жад микросхемасы өнімді пайдалану туралы ақпаратты жинайды, оның құрамында төмендегілер болуы мүмкін: баспа картриджінің алғашқы орнатылған күні, баспа картриджінің соңғы пайдаланылған күні, баспа картриджі арқылы басып шығарылған беттер саны, бет толтыру, пайдаланылған баспа режимдері, пайда болуы мүмкін кез келген баспа қателері және өнім моделі. Бұл ақпарат HP компаниясына болашақта тұтынушының баспа қажеттіліктеріне сәйкес өнім жасақтау үшін көмектеседі.

Баспа картриджінің жад микросхемасынан жиналған деректер құрамында баспа картриджінің немесе олардың өнімінің тұтынушысы немесе пайдаланушысын анықтайтын ақпарат бар. Дегенмен, тұтынушы пайдалану деректерін жад микросхемасына басқару тақтасы арқылы сақтауды таңдамайды.

HP компаниясы HP компаниясының тегін қайтару және қайта қолдану бағдарламасына қайтарылған баспа картридждерінен алынған жад микросхемасының үлгілерін жинайды (HP Planet Partners: www.hp.com/recycle). Осы үлгіден алынған жад микросхемасы болашақ HP өнімдерін жақсарту үшін оқылады және үйретіледі. Осы баспа картриджін қайта қолдануға көмектесетін HP әріптестері осы деректерге қол жеткізе алады.

Баспа картриджіне ие болған кез келген үшінші тарап жад микросхемасындағы көрсетілмеген ақпаратқа қол жеткізуі мүмкін.

Түпкі пайдаланушының лицензиялық келісімі

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ ӨНІМІН ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ. Түпкі пайдаланушының лицензиялық келісімі («Келісім») — (а) сіз (жеке тұлға немесе сіз өкілдік ететін заңды тұлға) мен (б) Hewlett-Packard компаниясы («HP») арасында бағдарламалық құрал өнімін («Бағдарламалық құрал») пайдалану ережелеріне қатысты жасалған келісім-шарт. Сіз бен HP немесе оның жабдықтаушылары арасында осы Бағдарламалық құралға қатысты басқа лицензиялық келісім (желілік құжаттамадағы лицензиялық келісімді қосқанда) болса, осы Келісім қолданылмайды. «Бағдарламалық құрал» термині мынадай мағыналарды қамтуы мүмкін: (а) ілеспе құрал, (б) пайдаланушы нұсқаулығы және басқа басылған материалдар және (в) «желідегі» немесе электрондық құжаттар (жалпы айтқанда, «Пайдаланушы құжаттамасы»).

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТАР ОСЫ КЕЛІСІМНІҢ БАРЛЫҚ ШАРТТАРЫМЕН ЖӘНЕ ЖАҒДАЙЛАРЫМЕН КЕЛІСКЕН ЖАҒДАЙДА ҒАНА БЕРІЛЕДІ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ОРНАТУ, ЖҮКТЕП АЛУ НЕМЕСЕ БАСҚАША ПАЙДАЛАНУ ӨРЕКЕТТЕРІ ОСЫ КЕЛІСІМ ШАРТТАРЫНА БАҒЫНАТЫНЫҢЫЗДЫ БІЛДІРЕДІ. БҰЛ КЕЛІСІМДІ ҚАБЫЛДАМАСАҢЫЗ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ОРНАТПАҢЫЗ, ЖҮКТЕП АЛМАҢЫЗ НЕМЕСЕ БАСҚАША ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ САТЫП АЛЫП, БҰЛ КЕЛІСІМ ШАРТТАРЫМЕН КЕЛІСПЕСЕҢІЗ, АҚЫСЫН ҚАЙТАРЫП АЛУ ҮШІН ӨНІМДІ САТЫП АЛҒАН ЖЕРГЕ ОН ТӨРТ КҮН ІШІНДЕ ҚАЙТАРЫП БЕРІҢІЗ. ЕГЕР БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ

ОРНАТЫЛЫП ҚОЙСА НЕМЕСЕ БАСҚА НР ӨНІМІМЕН ҚОЛДАНЫЛСА, ӨНІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛМАҒАН БӨЛІГІН ТОЛЫҒЫМЕН ҚАЙТАРУЫҢЫЗҒА БОЛАДЫ.

1. **ҮШІНШІ ТАРАП БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ.** Бұл Бағдарламалық құралға, НР компаниясының жекеменшік бағдарламалық құралына («НР бағдарламалық құралы») қоса, үшінші тараптар лицензиясымен берілген бағдарламалық құрал («Үшінші тарап бағдарламалық құралы» және «Үшінші тарап лицензиясы») кіруі мүмкін. Қандай да бір үшінші тараптың бағдарламалық құралы тиісті үшінші тарап лицензиясының шарттары мен жағдайлары негізінде беріледі. Әдетте, үшінші тарап лицензиясы «license.txt» немесе «readme» сияқты файлдарда болады. Үшінші тарап лицензиясын таба алмаған жағдайда, НР қолдау орталығына хабарласқан жөн. Үшінші тарап лицензияларында бастапқы кодты (GNU жалпы қоғамдық лицензиясы сияқты) қолжетімді ететін лицензиялар болса және тиісті бастапқы код Бағдарламалық құралмен бірге берілмесе, оны алу туралы ақпаратты НР веб-торабының (hp.com) өнімге берілетін қолдау беттерінен қараңыз.
2. **ЛИЦЕНЗИЯ ҚҰҚЫҚТАРЫ.** Осы келісімнің барлық шарттарымен және жағдайларымен келіскен жағдайда, мынадай құқықтарға ие боласыз:
 - a. **Пайдалану.** НР компаниясы сізге НР бағдарламалық құралының бір нұсқасын пайдалануға лицензия береді. «Пайдалану» сөзінің мағынасы — НР бағдарламалық құралын орнату, көшіру, сақтау, жүктеп алу, орындау, көрсету немесе басқаша пайдалану. НР Бағдарламалық құралын өзгертуге немесе оның қандай да бір лицензиялау немесе басқару мүмкіндіктерін өшіруге болмайды. Бұл бағдарламалық құралды НР компаниясы кескін өңдеу немесе басып шығару өнімімен (мысалы, Бағдарламалық құрал принтер драйвері, микробағдарламасы немесе қосымша бағдарламасы болса) пайдалану үшін берген болса, оны тек сондай өніммен («НР өнімі») пайдалануға болады. Пайдалануға қатысты қосымша шектеулер пайдаланушы құжаттамасында болуы мүмкін. НР бағдарламалық құралының құрамдас бөліктерін бөліп пайдалануға болмайды. Сізге НР Бағдарламалық құралын тарату құқығы берілмейді.
 - ә. **Көшіру.** Көшіру құқығы НР бағдарламалық құралының мұрағаттық немесе сақтық көшірмесін жасау әрекетін білдіреді және оның әр көшірмесі барлық түпнұсқа НР бағдарламалық құралының жекеменшік туралы ескертпелерін қамтып, тек сақтық көшірмесін сақтау мақсатында пайдаланылу керек.
3. **ЖАҢАРТУЛАР.** НР компаниясы жаңарту немесе қосымша (жалпы айтқанда, «Жаңарту») ретінде берген НР Бағдарламалық құралын пайдалану үшін, алдымен түпнұсқа НР Бағдарламалық құралының НР компаниясы Жаңарту рұқсатын берген лицензиясын алуыңыз керек. Жаңарту арқылы түпнұсқа НР Бағдарламалық құралының алмастырылған бөлігін бұдан әрі пайдалануға болмайды. НР компаниясы жаңартуға қатысты басқа шарттар бермесе, осы Келісім әр Жаңарту үшін қолданылады. Осы Келісім мен осындай басқа шарттар арасында қайшылық болса, басқа шарттар басшылыққа алынады.

4. ТАСЫМАЛДАУ.

- a. Үшінші тарап тасымалы. НР Бағдарламалық құралының бастапқы түпкі пайдаланушысы НР Бағдарламалық құралын басқа бір түпкі пайдаланушыға бір рет бере алады. Басқа тұлғаға берген кезде, оған барлық құрамдас бөліктері, медиа, пайдаланушы құжаттамасы, осы келісім және қажет болса, түпнұсқалық куәлігі кіреді. Беру жөнелту сияқты жанама беру болмауы тиіс. Берер алдында, берілетін бағдарламалық құралды алатын түпкі пайдаланушы осы Келісімді қабылдау керек. НР бағдарламалық құралы берілгеннен кейін, лицензияңыз автоматты түрде күшін жояды.
- ә. Шектеулер. НР бағдарламалық құралын жалға беруге немесе коммерциялық мақсатпен бөлісуге немесе кеңседе пайдалануға болмайды. Осы келісімде тікелей көрсетілмесе, НР бағдарламалық құралын қайта лицензиялауға, тағайындауға немесе басқаша жолдармен үшінші тараптарға беруге болмайды.

5. ЖЕКЕМЕНШІК ҚҰҚЫҚТАР. Бағдарламалық құрал мен пайдаланушы құжаттамасындағы барлық зияткерлік меншік құқықтары НР компаниясы немесе оның жабдықтаушыларының иелігінде және заңдармен, соның ішінде тиісті авторлық құқық, сауда құпиясы, патент және сауда белгісі туралы заңдармен қорғалған. Бағдарламалық құралдан өнім идентификаторларын, авторлық құқық ескертулерін немесе жекеменшік шектеулерді алып тастауға болмайды.
6. КЕРІ ЖОБАЛАУҒА ҚАТЫСТЫ ШЕКТЕУ. Тиісті заңмен рұқсат берілмесе, НР Бағдарламалық құралын кері жобалауға, декомпиляциялауға немесе бөлшектеуге болмайды.
7. ДЕРЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА КЕЛІСІМ БЕРУ. НР компаниясы және оның аффилиирленген тұлғалары (а) бағдарламалық құралды немесе НР өнімін пайдалануыңызға немесе (б) бағдарламалық құрал немесе НР өніміне қатысты көрсетілген қолдау қызметтеріне қатысты берген техникалық ақпаратты жинап, белгілі бір мақсатта пайдалануы мүмкін. Мұндай ақпарат НР компаниясының құпиялық саясатына сәйкес пайдаланылады. Пайдалану мүмкіндіктеріңізді кеңейту немесе қолдау қызметтерін беру қажеттілігі тумаса, НР мұндай ақпаратты атыңыз көрінетіндей түрде пайдаланбайды.
8. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ШЕКТЕЛУІ. Орын алған зақымға қарамастан, осы келісім бойынша НР компаниясы мен оның жабдықтаушыларының толық жауапкершілігі мен сіз алатын жалғыз өтемақыңыз өнімге төленген құннан артық мөлшермен немесе 5,00 АҚШ долларымен шектеледі. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢДА БАРЫНША РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДӘРЕЖЕДЕ, ЕШБІР ЖАҒДАЙДА НР КОМПАНИЯСЫ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ, ТІПТІ НР КОМПАНИЯСЫ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫСЫ МҰНДАЙ ЗИЯНДАР БОЛУЫ МҮМКІН ЕКЕНДІГІНЕН ХАБАРДАР ЕТІЛСЕ ДЕ ЖӘНЕ ТІПТІ МҰНДАЙ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛЫ ӨЗІНІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫНА ЖЕТЕ АЛМАСА ДА, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУҒА НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНА АЛМАУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ДА БІР ЖАНАМА, ҚОСЫМША, ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС НЕМЕСЕ ҚОСАЛҚЫ ЗИЯНДАР (СОНЫҢ ІШІНДЕ АЛЫНБАЙ ҚАЛҒАН ПАЙДА, ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖОҒАЛУЫ, ЖҰМЫСТЫҢ ТОҚТАП ҚАЛУЫ, ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫ НЕМЕСЕ ҚҰПИЯЛЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫ) ҮШІН ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ. Кейбір штаттар немесе басқа юрисдикциялар жанама немесе қосалқы зияндарды есептемеуге немесе шектеуге рұқсат бермейді. Сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін.

- 9.** АҚШ ҮКІМЕТІНІҢ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ. Бағдарламалық құрал толығымен жеке шығындарға негізделіп жасалған. Бағдарламалық құрал толықтай тиісті иемдену талаптарына жауап беретін коммерциялық компьютер бағдарламалық құралы болып табылады. Тиісінше, АҚШ FAR 48 CFR 12.212 және DFAR 48 CFR 227.7202 заңдарына сәйкес, Бағдарламалық құралдың АҚШ Үкіметі немесе АҚШ Үкіметінің мердігері тарапынан немесе ол үшін пайдаланылуы, көшірілуі және жария етілуі тек осы Түпкі пайдаланушының лицензиялық келісімінің міндетті федералдық заңдарға қайшы келетін ережелерден басқа шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 10.** ЭКСПОРТТАУ ЗАҢДАРЫМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ. Сіз (а) Бағдарламалық құралды экспорттауға немесе импорттауға қолданылатын, не болмаса (б) Бағдарламалық құралдың Пайдаланылуын шектейтін барлық заңдар мен ережелердің, соның ішінде ядролық, химиялық немесе биологиялық қаруларды таратуға қойылатын шектеулердің талаптарын сақтауға міндеттісіз.
- 11.** ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ ҚОРҒАЛУЫ. HP және оның жабдықтаушылары осы Келісімде сізге тікелей берілмеген барлық құқықтарды өздерінде сақтайды.

© 2009 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Басылым: 04/09

OpenSSL

Бұл өнім OpenSSL жобасы арқылы OpenSSL құралдар жиынында пайдалану үшін жасалған бағдарламалық құралды қамтиды (<http://www.openssl.org/>)

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ OpenSSL ЖОБАСЫ "СОЛ ҚАЛПЫНДА" БЕРЕДІ ЖӘНЕ КЕЗ КЕЛГЕН ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА КЕПІЛДІКТЕР, СОНЫҢ ІШІНДЕ, БІРАҚ ОНЫМЕН ШЕКТЕЛМЕСТЕН, ОНЫҢ ТАУАРЛЫҚ КҮЙІНЕ ЖӘНЕ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ. OpenSSL ЖОБАСЫ НЕМЕСЕ ҮЛЕС ҚОСУШЫЛАРЫ, МҰНДАЙ ЗИЯН ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТІЛСЕ ДЕ, ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУДАН ТУЫНДАЙТЫН ҚАНДАЙ ДА БІР ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, ҚОСЫМША, ҚОСАЛҚЫ, АЙЫППҰЛ НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС ЗИЯНДАРҒА (СОНЫҢ ІШІНДЕ, БІРАҚ ОНЫМЕН ШЕКТЕЛМЕСТЕН, АЛМАСТЫРУШЫ ТАУАРЛАРДЫ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУҒА;

ДЕРЕКТЕРДІҢ НЕМЕСЕ ТАБЫСТЫҢ ЖОҒАЛУЫНА НЕМЕСЕ БИЗНЕСІҢ ТОҚТАУЫНА), ТАЛАПТЫҢ КЕЛІСІМ, ҚАТАҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК НЕМЕСЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЙЫНША (СОНЫҢ ІШІНДЕ ҰҚЫПСЫЗДЫҚ НЕМЕСЕ БАСҚАСЫ) ҚОЙЫЛҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН, ЖАУАПТЫ ЕМЕС.

Бұл өнімге Эрик Янг (eray@cryptsoft.com) жазған криптографиялық бағдарламалық құрал кіреді. Бұл өнімге Тим Хадсон (tjh@cryptsoft.com) жазған бағдарламалық құрал кіреді.

Тұтынушыларды қолдау

Еліңізге/аймағыңызға арналған телефон қолдауын алу	Ел/аймақ телефон нөмірлері өніміңіздің қорабында болған флаерде немесе www.hp.com/support/ сайтында бар.
Өнім атауын, серия нөмірін, сатып алынған күнін және проблемалардың сипаттамаларын көріңіз.	
24 сағаттық Интернет қолдауын алыңыз	www.hp.com/support/ljm401series
Macintosh компьютерімен бірге пайдаланылатын өнімдер үшін қолдауды алу	www.hp.com/go/macosex
Бағдарламалық құрал утилиталарын, драйверлерді және электронды ақпаратты жүктеу	www.hp.com/support/ljm401series
Қосымша HP қызмет көрсетуіне немесе қызмет келісімдеріне тапсырыс беру	www.hp.com/go/carepack
Өнімді тіркеу	www.register.hp.com

Өнімді қайта орамау

Егер HP тұтынушыларды қолдау орталығы өніміңіздің жөндеуге HP компаниясына қайтарылуға тиісті екенін анықтаса, өнімді жөнелтудің алдында оны қайта орау үшін осы қадамдарды орындаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Дұрыс буып-түймеу нәтижесінде болған тасымалдау зақымдары үшін жауапкершілікті тұтынушы көтереді.

1. Баспа картриджді шығарып алып, сақтап қойыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Өнімді жеткізудің алдында баспа картриджді шешіп алу *өте маңызды* болып табылады. Жеткізу кезінде өнімде қалатын баспа картриджді ағып, өнімнің механизмі мен басқа бөлшектеріне тонер жағылуы мүмкін.

Баспа картриджді зақымданбауы үшін оның роликтеріне қолыңызды тигізбеңіз және баспа картриджді жарық түспейтін жерде сақтаңыз.

2. Қуат кабелін, интерфейс кабелін және қосымша керек-жарақтарды ажыратып алып, сақтап қойыңыз.

3. Мүмкін болса, жинақпен бірге баспа үлгілерін және дұрыс басылмаған 50-100 парақ қағаз немесе басқа баспа материалын жіберіңіз.

4. АҚШ-та, жаңа орауыш материал алу үшін HP Тұтынушыларды қорғау қызметіне хабарласыңыз. Басқа аймақтарда, мүмкін болса, өзінің орауыш материалын пайдаланыңыз.

2 Өнімнің ерекшеліктері

- [Физикалық ерекшеліктері](#)
- [Энергияны тұтыну, электрлік сипаттамалары және дыбыс бөлуі](#)
- [Қоршаған орта ерекшеліктері](#)

Физикалық ерекшеліктері

Кесте 2-1 Физикалық ерекшеліктері

Өнім	Биіктігі	Тереңдігі	Ені	Салмағы
HP LaserJet Pro 400 M401a принтері	264 мм	369 мм	365 мм	9,8 кг
HP LaserJet Pro 400 M401d принтері				
HP LaserJet Pro 400 M401n принтері				
HP LaserJet Pro 400 M401dn принтері				
HP LaserJet Pro 400 M401dne принтері				
HP LaserJet Pro 400 M401dw принтері	268 мм	369 мм	365 мм	10,6 кг

Энергияны тұтыну, электрлік сипаттамалары және дыбыс бөлуі

Ағымдағы ақпарат үшін www.hp.com/support/ljm401series қараңыз.

Қоршаған орта ерекшеліктері

Кесте 2-2 Жұмыс ортасының ерекшеліктері

Орта	Ұсынылады	Рұқсатты
Температура	17-25 °C	15-30 °C
Салыстырмалы ылғалдылық	30%-70% салыстырмалы ылғалдылық (СЫ)	10%-80% БЫ
Биіктік	Қолданылмайды	0-3 048 м

3 Нормативтік ақпарат

- [FCC ережелері](#)
- [Қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы](#)
- [Сәйкестік декларациясы](#)
- [Сәйкестік декларациясы](#)
- [Қауіпсіздік мәлімдемелері](#)
- [Сымсыз өнімдерге арналған қосымша мәлімдемелер](#)

FCC ережелері

Бұл жабдық сынақтан өтті және FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес В кластық цифрлы құрылғыға қойылатын шектеулерге сәйкес деп табылды. Бұл шектеулер стационарлық қондырғыдағы жағымсыз әсерлерден дұрыс қорғауды қамтамасыз ету үшін енгізілген. Бұл жабдық радио жиілігіндегі энергияны өндіреді, пайдаланады және тарата алады. Егер бұл жабдық нұсқауларға сәйкес орнатылмаса және пайдаланылмаса, ол радиобайланысқа зиянды кедергі келтіруі мүмкін. Бірақ, нақты бір қондырғыда жағымсыз әсерлердің болмайтындығына кепілдік беруге болмайды. Егер бұл жабдық радио немесе телевизиялық қабылдауға зиянды кедергі жасайтын болса, ал мұны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болады, пайдаланушы мұндай кедергіні жою үшін төмендегі шаралардың бірін немесе бірнешеуін қолданып көруі тиіс:

- Қабылдау антеннасының бағытын өзгертіңіз немесе орнын ауыстырыңыз.
- Жабдық пен қабылдағыштың аралығын үлкейтіңіз.
- Жабдықты электр тізбегіндегі қабылдағыш қосылған штепсель розеткасынан басқа розеткаға жалғаңыз.
- Сату жөніндегі тиісті агентпен немесе радио/теледидармен жұмыс істейтін тәжірибелі техникпен ақылдасыңыз.



ЕСКЕРІМ: HP тарапынан анық түрде мақұлданбаса, принтердегі кез келген өзгерістер мен модификациялар пайдаланушыны осы жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

FCC ережелерінің 15-бөліміндегі В класына арналған шектеулерге сәйкес болу үшін метал тормен қорғалған интерфейстік кабельді пайдалану қажет.

Қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы

Қоршаған ортаны қорғау

Hewlett-Packard компаниясы қоршаған ортаға зиян тигізбейтін жолмен сапалы өнімдерді шығаруды ұстанады. Бұл өнім қоршаған ортаға зиянды азайтатын бірнеше белгілермен жобаланған.

Озон өндіру

Бұл өнім ешбір елеулі озон газын өндірмейді (O₃).

Тұтынылатын қуат

Күту режимінде пайдаланылатын электр қуатының мөлшері едәуір төмендеп, табиғи қорларды сақтайды және осы өнімнің жоғары жұмыс өнімділігіне әсер етпей, ақшаны үнемдейді. ENERGY STAR® логотипімен белгіленген Hewlett-Packard басып шығару және кескіндеу жабдығы АҚШ Қоршаған ортаны қорғау агенттігінің ENERGY STAR техникалық сипаттамаларына сәйкес келеді. ENERGY STAR кәсіби кескіндеу өнімдерінде мына таңба болады:



Қосымша ENERGY STAR кескіндеу өнімі моделінің туралы ақпарат тізімі мына сайтта берілген:

www.hp.com/go/energystar

Тонерді пайдалану

EconoMode режимі тонерді аз пайдаланады, бұл баспа картриджінің қызмет ету мерзімін ұзартуы мүмкін. HP компаниясы EconoMode режимін ұдайы пайдалануды ұсынбайды. EconoMode режимі үнемі пайдаланған жағдайда, тонер баспа картриджіндегі механикалық бөліктердің қызмет мерзімінен асып кетуі мүмкін. Баспа сапасы төмендей бастап, қанағаттандырылғы болмаса, баспа картриджін ауыстырған жөн.

Қағаз пайдалану

Бұл өнімнің қолмен/автоматты дуплекстеу (екі-жақты баспа) және N-дейін баспа (бір бетке бірнеше бетті басып шығару) мүмкіндігі қағаз шығыны мен табиғи қорларды пайдалану қажеттілігін азайтады.

Пластмасса

